

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 7 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық минаясыздандыру инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Тұяқов Дарын Шылбыұлына беріледі.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға 2020 жылғы 18 желтоқсанда жасалған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық минаясыздандыру инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңның жобасы ұсынылады.

Келісімнің мақсаты гуманитарлық минаясыздандыру міндетін орындау үшін Бірлескен бөлімшені құру, қолдану, қызметін аяқтау тәртібін және мәртебесін айқындау болып табылады.

Бірлескен бөлімшенің негізгі міндеттері:

мина алаңдарында және объектілерде миналардың және жарылу қаупі бар заттардың болуына техникалық барлау жасау, оларды минаясыздандыру;

жауынгерлік іс-қимыл болған ауданды минадан жарылу қаупі бар заттан тазарту;

табылған минаны, жарылу қаупі бар затты қатерсіздендіру болып табылады.

Гуманитарлық минаяздандыру операциясына қатысу үшін ұлттық инженерлік бөлімшені жіберу туралы шешімді жіберуші тарап ұлттық заңнамасына сәйкес қабылдайды.

Келісімде Бірлескен бөлімшені Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекет болып табылмайтын мемлекет аумағында гуманитарлық минаяздандыру міндетін орындауға тарту мүмкіндігі көзделген. Қазақстан Республикасы бұл іс-шара тек Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің мандатына сәйкес мүмкін деп санайды. Осыған орай келісімге тиісті ескертпемен қол қойылды.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражатты талап етпейді, теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован заместителю Министра обороны Республики Казахстан.

Уважаемый Дарын Шылбынович! Планируется ли после ратификации соглашения внесение поправок в национальное законодательство страны? Например, статья 22 соглашения предусматривает, что жизнь и здоровье военнослужащих на время выполнения задач гуманитарного разминирования подлежит обязательному страхованию за счет средств направляющей стороны. Однако данный вопрос никак не регламентирован в отраслевых законах.

Кроме того, статьей 27 соглашения предусмотрено, что финансирование расходов, связанных с реализацией настоящего соглашения, будет осуществляться не только за счет бюджетов каждой из сторон, но и других источников в порядке, установленном законодательством каждой из сторон.

Вопрос: о каких других источниках говорится в соглашении, где и в какой форме это предусмотрено? Благодарю.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Спасибо за вопрос, Андрей Иванович.

Вопрос состоит из двух частей, поэтому ответу по порядку.

По первой части. После ратификации соглашения предусмотрено внесение изменений в Закон «О воинской службе и статусе военнослужащих» в части страхования жизни и здоровья военнослужащих, направляемых по международным обязательствам.

После внесения данных изменений в закон будут подготовлены подзаконные нормативные документы, такие, как постановление Правительства и приказ Министра обороны Республики Казахстан.

В части финансирования направляемых по международным обязательствам военнослужащих по гуманитарному разминированию данный вопрос в международных

документах Организации Объединенных Наций будет предусмотрен. Если направляется по ОБСЕ или СНГ, также в документах данный механизм финансирования существует.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Дарын Шылбыұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! 2020 жылғы 18 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің гуманитарлық мианасыздандырудың бірлескен инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялауды қабылдау бейбіт халықты жарылыс қаупі бар көптеген заттардан қорғау және миаланған аумақтарды тазарту қажеттілігімен түсіндіріледі.

Мемлекеттердің гуманитарлық мианасыздандыру саласындағы өзара іс-қимылы әскери ынтымақтастықтың аса маңызды аспектісі болып табылады. Ал Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекет емес, басқа елге гуманитарлық мианасыздандыру жөніндегі тапсырманы орындау үшін Қазақстанның ұлттық әскери бөлімшесін жіберуге қатысты ескертпе біздің мемлекетіміздің мүдделеріне сәйкес келетінін атап өткен жөн. Миссияны халықаралық қоғамдастықтың мойындауы Қазақстан Республикасы үшін сыртқы саяси тәуекелдерді болдырмаудың кепілі.

Келісім айқын гуманитарлық бағытқа ие, ал оны іске асыру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңістігіндегі қауіпсіздікті нығайтады және еліміздің қарулы күштерінің кәсіби деңгейін арттырады.

Заң жобасын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұржан Нұрланбекұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық мианасыздандыру инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Тұяқов Дарын Шылбыұлына беріледі.

ТҮЯҚОВ Д.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға 2020 жылғы 29 мамырда жасалған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңның жобасы ұсынылады.

Келісімге ұйымға қатысушы алты мемлекет, атап айтқанда, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан қол қойды.

Келісім оған қатысушы мемлекеттер қарулы күштері арасындағы өзара іс-қимылды дамыту мақсатында бірлескен (біріккен) байланыс жүйесін құруды көздейді.

Бірлескен байланыс жүйесіне келісілген ұйымдастыру және өзара іс-қимыл жасау жоспары бойынша қолданыла алатын байланыс күштері мен құралдары кіреді.

Жүйенің міндеті мынадай:

қарулы күштерді басқару жүйесінде және қарулы күштер арасында көрсетілетін байланыс қызметін ұсыну, барлық ақпарат түрімен алмасуды қамтамасыз ету;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы форматында құрылған әскери саладағы біріккен өзара іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ортақ пайдаланудағы ұлттық арнайы мақсаттағы байланыс желісімен қажетті үйлесімділікте болатын байланысқа қойылатын талаптың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Уәкілетті орган өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес бірлескен байланыс жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында өзінің байланыс желісі ресурсын пайдалана алады.

Бірыңғай техникалық тәсіл, қазіргі заманғы әскери техника мен байланыс жабдығымен басым түрде жарақтандыру негізінде құрылатын бірлескен байланыс жүйесі мемлекеттер қарулы күштерінің жауынгерлік қабілетін арттырады.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Дарын Шылбыұлы, менің сұрағым сізге.

Қаралып отырған келісімнің 14-бабында «Мемлекетаралық құпиялармен жұмыс істеу және оларды қорғау Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде қолданылған құпия ақпаратты қорғау туралы халықаралық шарттарға және осы келісімге қатысушы мемлекеттердің құпия ақпараттарды өзара қорғау туралы екіжақты шарттарына сәйкес жүзеге асырылады» деп жазылған.

Осыған байланысты сұрақ:

Құпия ақпараттарды өзара қорғау мен сақтауға қатысты Қазақстан мен аталмыш келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында екіжақты шарттар бар ма? Бар болса ол қандай мемлекеттермен жасалған? Рақмет.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Серікбай Өтелгенұлы, сұрағыңызға рақмет.

Иә, ондай шарттар Беларусь, Қырғызстан, Россия, Тәжікстан мемлекеттерімен жасалған. Қазіргі уақытта Армениямен қол қою жұмыстары жалғасуда.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Дарын Шылбыұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Қаралып отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялаудың маңызы үлкен. Өйткені ол байланыс жүйелерінің қолда бар ресурсын неғұрлым толық және тиімді пайдаланумен қоса қарулы күштер арасындағы өзара іс-қимылға және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңістігінде қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді.

Байланыс жүйелерінің кепілдендірілген және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде күш-жігерді біріктіру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерін басқарудың техникалық негізінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Келісім Қазақстан Республикасының Конституциясына, еліміздің заңнамасына, ратификацияланған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне қайшы келмейді.

Құрметті әріптестер, сондықтан заң жобасын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұржан Нұрланбекұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бүгін қабылданған екі заң Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың жекелеген мәселелерін реттеуге бағытталған.

Бұл келісімдер Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2021 жылғы 7 қазан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық минаяздандыру инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о Совместном инженерном подразделении гуманитарного разминирования вооруженных сил государств – участников Содружества Независимых Государств», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Д.Ш. ТҰЯҚОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Министра обороны Республики Казахстан
ТУЯКОВА Д.Ш. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЛУКИН А.И. 2

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад секретаря Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУРСИПАТОВА Н.Н. 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен (біріккен) байланыс жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о Совместной (объединенной) системе связи вооруженных сил государств – участников Содружества Независимых Государств», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Д.Ш. ТҰЯҚОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Министра обороны Республики Казахстан
ТУЯКОВА Д.Ш. 4

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ТРҰМОВ С.Ө. 4

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ қосымша баяндамасы


Содоклад секретаря Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУРСИПАТОВА Н.Н. 5

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева